

«Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар Кеңесінің
2017 жылғы 30 наурыздағы шешімімен
бекітілген, № 2 хаттама
Өзгерістер мен толықтырулар «Хабар»
Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 28 қарашадағы шешімімен
енгізілді, № 7 хаттама
Өзгерістер «Хабар» Агенттігі» АҚ
Директорлар кеңесінің
2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен
енгізілді, № 5 хаттама

«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының ақпаратын ашу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының ақпаратты ашу туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) оның қызметі туралы ақпаратты ашу ұғымын, ұстанымдарын, рәсімдерін, Қоғам ашатын ақпараттың түрлерін айқындайды.

2. Ереже төмендегі мақсаттарда әзірленді:

1) жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар кеңесінің, құнды қағаздар нарығы қатысушылардың, мемлекеттік органдардың және өзге мүдделі тұлғалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау;

2) Қоғам қызметінің ақпараттық ашықтығын көтеру;

3) Қоғам, жалғыз акционер, Директорлар кеңесінің мүшелері және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастарда сенім деңгейін арттыру.

3-тармаққа өзгеріс Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен енгізілді, № 5 хаттама

3. 3. Ереже Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Қоғамның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

4. Қоғамның аудиторлық ұйыммен, консалтинг компанияларымен (кеңес берушілермен), рейтингтік агенттіктермен өзарақарым-қатынаста ақпаратты ашу тәртібі ҚР заңнамасымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және аталған ұйыммен жасасқан шарттармен айқындалады.

5. Ережеде қолданылатын, алайда айқындалмаған терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, Копоративтік басқару кодексінде және Қоғамның өзге ішкі құжаттарында пайдаланатын мағынада қолданылады.

2. Ақпаратты ашу ұғымы мен ұстанымдары

6. Ақпаратты ашу деп оның барлық мүдделі тұлғалар үшін қол жетімділігі түсініледі.

7. Ақпаратты беру деп осы тұлғалармен оны табуды және алуды кепілдендіретін рәсімге сәйкес белгілі тұлғалар шеңберіне оның қол жетімділігін қамтамасыз ету ұғынылады. Осы Ережеде бекітілген және оған қатысты беру бойынша іс-қимылдар жүргізілгенде, ол берілген ақпарат деп танылады.

8. Қоғамның ақпаратты ашуының негізгі ұстанымдары:

1) тұрақтылық пен уақыттылық;

2) ақпараттың ашықтығы және қол жетімділігі;

3) ақпараттың дұрыстылығы мен толықтылығы;

4) ақпаратты ашу бейтараптылығы;

5) теңгерімдік;

6) қорғалғандық.

9. Тұрақтылық пен уақыттылық ұстанымы Қоғам қызметінің фактілері мен елеулі оқиғалары туралы ақпаратты тұрақты негізде ашуды білдіреді.

10. Ашықтық пен қол жетімділік ұстанымы Қоғаммен мүдделі тұлғалар үшін бос және шығыны аз қол жетімділігімен ақпаратты ауртпалықсыз алу мүмкіндігін қамтамасыз етуді білдіреді.

11. Дұрыстылық пен толықтық ұстанымы Қоғам және оның қызмет нәтижелері туралы объективтік елестетуді қалыптастыру үшін жеткілікті Қоғамның қызметі туралы дұрыс ақпарат беруді білдіреді.

12. Бейтараптылық ұстанымы Қоғамның қызметі туралы ақпаратты бір тұлғамен басқа тұлғаларға қарай артықшылықпен алу жағдайларын жоятынды білдіреді.

13. Теңгерімдік ұстанымы Қоғамның бір жақтан барынша ашықтыққа және екінші жақтан құпиялылыққа талаптануын білдіреді.

14. Қорғалғандық ұстанымы Қоғаммен ҚР заңдары рұқсат еткен ұйымдастыру, құқықтық, техникалық шараларды қолдануды және қызметтік пен коммерциялық құпия құрайтын ақпаратты қорғау құралдарының пайдалануды білдіреді.

3. Ашуға жататын Қоғам туралы ақпарат

15. Ашуға жататын Қоғам туралы ақпаратқа төмендегі ақпарат жатады:

1) Қоғамның жалғыз акционері қабылдаған шешімдер;

2) тармақшаға өзгеріс Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 қарашадағы шешімімен енгізілді, № 7 хаттама

2) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат акционерлердің және басқа мүдделі тұлғалардың мәліметіне жеткізілетін мәселелер тізілімі бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;

3) Қоғаммен акцияларды және басқа құнды қағаздарды шығару;

4) Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның құнды қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді уәкілетті органмен бекітілуі, Қоғамның құнды қағаздарын уәкілетті органмен жойылуы;

5) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасауы. Бұл ретте, нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс;

6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;

7) үлестес тұлғалар тізімі түріндегі үлестес тұлғалар туралы;

8) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлігін кепілге (қайта кепілге) беру;

9) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

10) Қоғаммен қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсаттарды алу, Қоғаммен бұрын алынған қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсаттардың қолданысын тоқтату немесе бұзу;

11) Қоғамның заңды тұлғаның құрылуына қатысуы;

12) Қоғамның мүлігіне тыйым салу;

13) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

14) Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауаптылыққа тарту;

15) корпоративтік дау бойынша сотта істі қозғау;

16) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

17) Қоғамның Жарғысына, Қоғамның құнды қағаздарының проспектіне сәйкес Қоғам акционерлерінің мүдделерін және өзге мүдделі тұлғалардың мүдделерін қозғайтын басқа оқиғалар, қаржылық жағдай, экономикалық көрсеткіштер, жекеменшік пен басқару құрылымы, Қоғам қызметінің жоспарлары мен нәтижелері, корпоративтік басқару тәжірибесі туралы ақпарат.

4. Ақпаратты алу орны

16-тармаққа өзгеріс Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен енгізілді, № 5 хаттама

16. Қоғам Басқармасы орналасу орны бойынша құжаттарға, ақпаратқа (материалдарға) қол жетімділікті қамтамасыз ету. Электрондық түрдегі құжаттар, ақпарат (материалдар) қазақ және орыс тілдерінде, қажеттілік болғанда, ағылшын тілде www.khabar.kz веб-сайтында және (немесе) Қоғамның Жарғысында айқындалған мерзімді баспасөз басылымында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басылып шығарылады.

17. www.khabar.kz веб-сайтында Қоғам келесі ақпаратты ашады:

1) Қоғамның тарихы, оның миссиясы мен мақсаттары;
2) Қоғамның Жарғысы, Корпоративтік басқару кодексі, Корпоративтік этика кодексі, Қоғамның кадрлық саясаты, Директорлар кеңесі туралы ереже, Қоғамның комитеттері туралы ереже, Басқарма туралы ереже, Ішкі аудит қызметі туралы ереже, Қоғамның есепке алу саясаты;

3) конкурстарды, аукциондарды, Қоғам қызметінің негізгі түрін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын басқа сатып алулар туралы хабарландырулар;

4) Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелері туралы ақпарат;

5) Қоғамдағы корпоративтік басқару туралы ақпарат;

6) Ірі мәмілелер туралы ақпарат;

7) Қоғаммен жасасуда мүдделігі бар мәміле туралы ақпарат;

8) елеулі корпоративтік оқиға туралы ақпарат;

9) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;

10) Жылдық есептер;

11) Қоғамның Жарғысына, Қоғамның құнды қағаздарының проспектіне сәйкес Қоғам акционерлерінің мүдделерін және өзге мүдделі тұлғалардың мүдделерін қозғайтын басқа оқиғалар, Қоғам қызметінің жоспарлары мен нәтижелері туралы ақпарат.

5. Ақпаратты ашу нысандары мен тәсілдері

18. Ақпаратты ашқан кезде Қоғам келесі коммуникативтік құралдарды (нысандарды) пайдаланады:

1) ақпаратты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, жазбаша түрде дайындалған құжат, сұрау салуларға жауаптар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар (хабарлар), Қоғамның қызметі туралы есептер, мүдделі тұлғалар үшін өзге де материалдар;

2) ауызша хабарламалар, оның ішінде Қоғам ішінде де, одан тыс шектерінде де сұхбатты, баспасөз-конференцияларды, отырыстарда және көпшілік іс-шараларда сөз айтуды қоса, бірақ шектелмей;

3) аудиовизуалды жазу, оның ішінде Қоғам ішінде де, одан тыс шектерінде де бейнероликтерді, корпоративтік бейнефильмдерді, радио-телебағдарламалардағы сөз айтуды немесе сұхбатты, слайдтарды және отырыстарда, көпшілік және өзге іс-шараларда

(конференцияларда) пайдаланатын визуалды ұсынудың басқа да құралдарды қоса, бірақ шектелмей;

4) электрондық тасымалдағышта жіберілетін (тапсырылатын) материалдар, дискеттерді, CD-ROM дисктерді, USB құрылғыларды, электрондық поштаны қоса, бірақ шектелмей;

19. Қоғам туралы ақпарат жариялау не басып шығару жолымен таратылады:

1) Қоғам Жарғысы белгілеген мерзімді басылымда, сондай ақ ҚР заңнамасы белгілеген тәртіпте;

19-тармақтың 2) тармақшасына өзгеріс Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен енгізілді, № 5 хаттама

2) www.khabar.kz веб-сайтында;

3) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында;

4) баспасөз конференцияларда, сұхбат, телевизияда немесе радиода сөз айту;

5) баспасөз хабарламалар, брошюралар, мақалалар, буклеттер;

6) Қоғамның келісімшарттық қатынастары бар контрагенттер сайттарында.

20. Акционерге Қоғам қызметінің жоспарлары, жетістіктері, проблемалары туралы қосымша мәліметтер берілуі мүмкін. Қажет болған кезде акционерге Қоғамның қызметі туралы талдамалық зерттеулер мен басқа да ұйымдардың материалдары ұсынылады.

21. Акционерге Қоғамның өз мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беруді Қоғам көрсетілген оқиғалар басталған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде, ал осы Ереженің 15-тармағының 12)-14) тармақшаларында көзделген жағдайларда дереу жүзеге асырады.

21-1-тармақпен толықтыру енгізілді. Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 қарашадағы шешімімен, № 7 хаттама

21-1. Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Директорлар кеңесі мынадай мәселелер бойынша қабылдайтын шешімдер туралы төмендегі ақпарат ашылады:

1) Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу туралы ұсынымы;

2) Қоғамның қаржы жылының қорытындылары бойынша төлейтін бір жай акциясына есептегендегі дивидендтердің мөлшері туралы;

3) Басқарманың ұсынуы бойынша Қоғамның даму жоспарын (бюджетті) және оның орындалуы жөніндегі есептерді бекіту туралы;

4) Қоғамның акцияларын орналастыру туралы шешім қабылдау туралы;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы Ережелерді бекіту туралы;

6) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның жарғылық капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту туралы шешім қабылдау туралы.

22. Қоғамның жылдық есебі келесі ақпараттан тұруы тиіс:

1) Қоғамның миссиясы, мақсаттары, міндеттері, қызмет бағыттары;

Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 қарашадағы шешімімен 1-1) және 1-2) тармақшаларына толықтырулар енгізілді, № 7 хаттама

1-1) Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының алғы сөзі;

1-2) Қоғамның Басқарма Төрағасының алғы сөзі;

2) Қоғам дамуының нәтижелері туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің есебі;

3) Қоғамның даму перспективалары;

4) Қоғамның акциялары бойынша жарияланған (есептелген) дивидендтерді төлеу туралы есеп;

5) Қоғам қызметіне байланысты тәуекелдердің негізгі факторларын сипаттау;

6) «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес ірі мәміле болып танылатын және Қоғам есеп беру жылында жасаған мәмілелердің тізілімі, сондай-ақ оның маңызды жағдайларын ескере отырып, жасасу үшін Қоғамның басқару органының шешімі талап етілетін өзге мәмілелер;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы, есеп беру жылында оның құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты қоса, және директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәлімет;

8) Басқарма Төрағасының мүшелері туралы мәлімет;

9) Басқарманың әр мүшесіне және Қоғамның Директорлар кеңесінің әр мүшесіне сыйақыны белгілеу критериялары мен оның мөлшері немесе есеп беру жылында төленген барлық осы тұлғаларға берілген сыйақылардың жалпы мөлшері;

10) Қоғаммен корпоративтік этика кодексінің ұсынымдарын сақтау туралы мәлімет;

11) Қоғамның таза активтерінің жағдайы туралы ақпарат;

12) Қоғам жарғысымен көзделген өзге ақпарат;

23. Корпоративтік хатшы акционердің өтініштеріне есеп жүргізеді және акционерге уақытылы ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

6. Қоғамның лауазымды тұлғаларымен ақпарат беру

24. Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесін жазбаша түрде хабардар етуге міндетті:

1) олардың мүдделері мен Қоғамның мүдделері арасындағы шиеленіс туындау мүмкіндігі туралы;

2) 20 немесе одан да көп пайыз дауыс беретін акцияларға (үлестерге) өз бетімен немесе өзінің үлдестес тұлғамен бірге иеленетін заңды тұлғалар туралы;

3) басқару органдарында олар және (немесе) үлестес тұлғалары лауазым атқаратын заңды тұлғалар туралы;

4) мүдделі тұлғалар болып танылуы мүмкін оған мәлім болған жасалатын немесе болжанатын мәмілелер туралы.

7. ҚР мемлекеттік органдарымен ақпаратты беру

25. Қоғам ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте ҚР мемлекеттік органдарына ақпаратты ашады.

26. Қоғам келесі мемлекеттік органдарға ақпаратты ашады, бірақ олармен шектелмейді:

1) ҚР сот органдарына;

2) прокуратура мен ішкі істер органдарына;

3) бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға;

4) салық салу, қаржы мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға;

5) статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға;

6) олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзге мемлекеттік органдарға.

27. Бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның талаптарына сәйкес Қоғам Республика заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай сипаттағы ақпаратты ашады:

1) үлестес тұлғалар туралы мәліметтер;

2) эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектісі;

3) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есеп.

28. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы ақпаратты жинауды және тікелей есепке алуды Корпоративтік хатшы жүзеге асырады және оны бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен нормативтік құқықтық құжатта көзделген тәртіппен және мерзімдерде орналастырады.

29. Мемлекеттік органдардың сұрау салуларына сәйкес республика заңнамасында көзделген жағдайларда Қоғам өз құзыреті шегінде оларға тиісті ақпарат береді.

Егер сұрау салу нысанасы мемлекеттік органдардың Қоғам туралы сұратылатын ақпарат құзыретінің шеңберінен шыққан жағдайда, әрбір нақты жағдайда сұратылатын ақпаратты берудің орындылығын Қоғам Басқармасы дербес қабылдайды.

30. Құпия ақпарат мемлекеттік органдарға Республика Заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып беріледі. Бұл ретте, Қоғам ақпарат берілетін мемлекеттік органдардан оның құпиялылығын қорғау жөніндегі міндеттердің сақталуын талап етуге құқылы.

8. Қоғамның ақпаратты ашуға жауапты тұлғалары

31. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге ресми түрде түсініктеме беруге, сондай-ақ Қоғамның мемлекеттік, қызметтеік, коммерциялық және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын өзге құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып, Директорлар кеңесінің отырыстарында қаралған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің көзқарасын білдіруге құқылы.

32. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің мүшелері Директорлар кеңесінің (комитеттердің) отырыстарында қаралған мәселелер бойынша, сондай-ақ Қоғамның мемлекеттік, қызметтеік, коммерциялық және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын өзге құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып, Директорлар кеңесінің (комитеттердің) отырыстарында қабылданған шешімдер бойынша өз көзқарасын көпшілік алдында білдіруге;

1) тармақшаға Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 қарашадағы шешімімен өзгерістер енгізілді, № 7 хаттама

33. Қоғамның корпоративтік хатшысы:

1) 31, 32-тармақтарда көрсетілген тұлғаларға Қоғам туралы ақпаратты ашуға жәрдем көрсетеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, осы Ережеде және Қоғамның басқа да құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген ақпаратты уақтылы ашуына бақылауды жүзеге асырады;

3) бекітілген номенклатураға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметіне қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес сақталуға жататын құжаттардың сақталуын, Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы Ережеде көзделген тәртіппен олардың көшірмелерін беруді қамтамасыз етеді.

34. Ақпараттың толықтылығына, дұрыстылығына, уақыттылығын, ашу тәртібін сақтауға жауапкершілік Корпоративтік хатшыға, Басқарма хатшысына, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі. Ақпаратты ашу мәселесі құзыретіне кіретін құрылымдық бөлімше ақпаратты және есептілікті тиісті мемлекеттік органдарға беру уақытылығына, осындай ақпарат пен есептіліктің жағдайына, сондай-ақ басқа мүдделі тұлғалар мен бұқаралық ақпарат құралдарына беруге жауапты болады.

35. Басқарма Төрағасы мен Қоғам Басқармасының мүшелері (өзінің құзыреті шегінде) Қоғам қызметіне байланысты мәселелер бойынша көпшілік алдында сөз айтуға айрықша құқығы бар. Басқарма Төрағасы ішкі құжаттармен белгіленген тәртіпте Қоғам қызметкерлеріне елде және шетелде өткізілетін конференцияларда, отырыстарда, семинарларда, ҚР мемлекеттік органдары жұмыс органдарының отырыстарында, өзге қоғамдық іс-шараларда Қоғамның мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын өзге құпиялардың сақталуын қамтамасыз ету талаптарын ескере отырып, Қоғам атынан сөз айтуға, баспасөз-конференцияларға, телефондық және бейнеконференцияларға қатысуға, сұхбат беруге, қазақстандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарына комментарийлерді беруге тапсырма береді.

Белгіленген тәртіпте Қоғам атынан көпшілікке сөз айтуға уәкілдігі жоқ Қоғам қызметкерлері Қоғам қызметіне қатысты сауалдарға және сұратуларға жауаптар мен комментарийлерді беруге құқығы жоқ.

36. Қоғам қызметкерлерінің Қоғам қызметі туралы сөздерінің мәтіндері/дайындалған жариялымдары Басқарма Төрағасымен және/немесе Қоғам қызметінің ақпараттық хабарлау мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшесімен келісіледі.

37. Ақпаратты ашу процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын, осы Ережені және Қоғамға және/немесе акционерге залал келтіруге әкеп соққан Қоғамның ішкі құжаттарын бұзған жағдайда, кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тартылады.

37. Ішкі ақпаратты қорғау

38. Қоғам ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес құпиялық ақпаратты қорғау бойынша шараларды қабылдайды.

39-тармақтың екінші абзацына Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 қарашадағы шешімімен өзгерістер енгізілді, № 7 хаттама

39. Құпиялық ақпарат деп үшінші тұлғалардың заңды негіздерде оған қол жетімділігі жоқ үшінші тұлғаларға беймәлім болғандығынан Қоғам үшін нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар кез келген сипаттағы ақпарат болып табылады.

Қоғамның құпиялық ақпаратының тізілімін Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайды.

40. Қоғам Басқармасы құпиялық ақпаратты, Қоғамның мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын өзге құпияларды қорғау, іскери ақпараттың рұқсат етілмеген жариялау салдарынан ықтимал зиянға жол бермеу, кез келген мүдделі тұлғалармен осы ақпаратты заңсыз пайдалану фактілерін болдырмау мақсатында құпиялық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

41. Басқарма ашылатын ақпаратты дайындау, келісу және оның мазмұнына және мерзімдеріне бақылау жасаудың сенімді механизмін, Қоғамның құжаттарын сақтаудың тиісті жүйесін, ақпараттық ресурстарының функционалдығын және сақталуын қамтамасыз етеді.

42. Қоғамның қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жұртшылықпен және акционермен байланысты жүзеге асыруға уәкілеттік берілген қызметкерлері барлық мүдделі адамдардың Қоғам қызметі туралы ашылатын елеулі ақпаратқа бір мезгілде қол жеткізуіне тең мүмкіндікті қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ егер оны тарату Қоғамға және

акционерге залал келтіруге әкеп соғатын болса, анық емес ақпаратты теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

43. Қорытынды ережелер

44. Осы Ережені Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары, сондай-ақ Қоғамның және Қоғамның Алматы филиалының қызметкерлері сақтау міндетті.

45. Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

46. Егер ҚР заңнамасының өзгерістері нәтижесінде Ереженің тармақтары оларға қайшы келетін болса, осындай тармақтар күшінен айырылады және Ережеге өзгерістерді енгізгенге дейін Қоғам қызметкерлері ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

47. Осы Ереже оны Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.